

ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ОҚЫТУ ӘДІСІ

Мәдениеттану және онымен байланысты пәндер (мәдениет тарихы, мәдениет теориясы, мәдениет философиясы, мәдениет әлеуметтануы және т.б.) бір жағынан мазмұны жағынан көлемді, екінші жағынан бір-бірімен тығыз байланысқан.

Тақырыптар, тұлғалар, шығармалар қайталануы мүмкін. Бұл оқытушының пән аралық байланысты ескере отырып, мазмұнды дұрыстап таңдауын талап етеді. Студенттерге қандай тақырыптар, есімдердің таныс және қаншалықты терең екенін анықтап, қандай теориялық білім және практикалық қабілеттерге сүйенуге болатынын ойластыру маңызды.

Жаңа заман мәдениетімен байланысты пәндер (бұқаралық мәдениет, мәдениаралық коммуникация және т.б.) білім алушылардың жеке тәжірибелеріне сүйенуге, аудиовизуалды шығармалармен жұмыс жасау қабілеттерін қолдануға мүмкіндік жасайды. Аталған ерекшеліктерді қойылған тапсырмаларды орындау барысында ескеру қажет.

Аксиологиялық білім беру әдісі – адамның әлемге, адамдарға, өзіне қатысты адамзаттық құндылықты қамтиды.

Аксиологиялық көзқарас – әлеуметтік-педагогикалық құндылықтар жүйесіне бағыттылыққа негізделген теориялық идеялардың жиынтығы, оның өзегі адам өмірінің құндылығын түсіну және бекіту, еркін шығармашылық әрекет пен адамшылық қарым-қатынас. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты – жалпы адамзаттық мәдениеттің рухани және материалдық құндылықтарын меңгеру.

Аксиологиялық білім беру әдісінде ең жоғары құндылық бағдары ретінде адам таңдалады. Аксиология осы жүйедегі барлық буындарды байланыстырады және осылайша қазіргі педагогиканың әдістемесі қызметін атқарады.

Аксиологияның негізгі принципін былай тұжырымдауға болады: барлығы детерминизмге негізделген, өмірдің барлық құбылыстары өзара байланысты; осы ұстанымға сүйене отырып, әрбір жеке тұлға қоғаммен байланысты және осы ортақ белгілер мен заңдылықтарды көру маңызды.

Тәрбиенің аксиологиялық негізі гуманизм болуы заңдылық. Гуманизм жолына түскен педагогикалық жүйе осы философияның тәжірибесін бойына сіңірудің арқасында білім сапасын арттырады.

Қазіргі аласапыран заманда студенттер арасында құндылықтарға негізделген тақырыптар, дәрістердің маңызы орасан зор. Достық, әділеттілік, өтірік айтпау, сыйластық, еңбек ету, білімге құштарлық, қанағатшылдық, ізгілік сияқты құндылықтарды студенттердің санасына сіңдіруде оқытудың ең тиімді және қажетті әдіс. Бұл жерде Хакім Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде мысалға келтіруге болады:

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдыңда,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз.